

**"Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, олардың пайдалану тәртібі мен шекті толу нормаларын, материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы"**  
**Қызылорда қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 347-62/5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда қалалық мәслихатының 2024 жылғы 8 қазандағы № 196-27/5 шешімі.  
Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 15 қазанда № 8556-11 болып тіркелді

Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, олардың пайдалану тәртібі мен шекті толу нормаларын, материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 347-62/5 шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7542 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырыптың орыс тіліндегі нұсқасына өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

2 және 3-тармақтар алынып тасталсын;

17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"17. Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары мынадай болып айқындалсын:

1) жаппай жерлеу орындарына іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр ;

2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілеріне іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр;

3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің резиденцияларына іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр;

5) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр;

6) магистральдық теміржол желілеріне, магистральдық құбыржолдарға, ұлттық электр желісіне, магистральдық байланыс желілеріне іргелес жатқан аумақтардың шекарасынан - 800 метр."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда қалалық мәслихатының төрағасы*

*И. Кутухуджаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК